

Марк Твен әңгімелерінің қазақ тіліне аударылуы

Л.Н. Дәуренбекова

Ф.ғ.к., доцент

Назарбаев университеті

қазақ тілі, әдебиет және мәдениет кафедрасы, Астана қ-сы

Мақалада Американдық жазушысы М.Твеннің юморлық әңгімелерін қазақ тіліне аударған Ә. Сатыбалдиевтің аудармашылық қыры, орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырыла отырып талданады. Аудармашы М. Твеннің жазушылық стилін сақтай отырып, әр кейіпкердің психологиясын, көңіл-күйін жеңіл тілмен тәржімалауға тырысатыны, түпнұсқадағы мәтін ырғағы, интонациясы сақталатындығына назар аударылады. Аудармашының аудармасында қолданылған лексикалық трансформацияларға талдаулар жасалынады.

М.Твен - америка әдебиетінің дамуына үлес қосқан классик суреткер. 1960-1970 жылдарға дейін автор шығармашылығында юмор басымдық алса, осы жылдардан кейін сатира, пессимистік көзқарас нық орнығады. 1970-1980 жылдары М.Твен көбіне ертегі, фантастикалық романдар, новеллаларға көбірек тоқталады. [1, 116-б.]. Шығармашылық өмірінің қай мезгілінде болмасын М. Твен адам психологиясын шебер бейнелеп, көркем проза жанрына ең алғаш рет реалистік сарын үлгісін енгізді.

«Жас Марк Твеннің стилі гротескке толы стиль. Юмористік асыра сілтеушілік, сатиралық карикатура, пародиялық амал-тәсілдер және де басқа көркемдік әдістер жазушы туындыларында көптеп кездеседі» [2, 116-б.]. Мәселен, М.Твеннің 1968 жылы қазақ тілінде жарық көрген жинағында көркемдігі жоғары юморлық әңгіме-памфлеттері енгізілген. Атап айтар болсақ: «Губернатор сайлауына түскенім-ай», «Қытайлықтардың хаттары», «Сенатор Дильвортти», «Америкадағы саяси өмірдің кейбір көріністері», «Мак Вильямстер мен шикылдақ», «Ақ пілдің ұрлануы», «1 000 000 фунт стерлингілік банк билеті», «Қолдаушы періштенің хаты», «Гелибертті бұзған кісі». Бұл әңгімелерді орыс тілі арқылы қазақ тіліне аударған Ә. Сатыбалдиев. М. Твен аудармаларының қай-қайсысын оқысақ та оқуға жеңіл, оқиғасы қызықты.

Ә. Сатыбалдиевтің шығармаларды қазақ тіліне қандай дәрежеде аударғандығын байқау мақсатында аудармаларды орыс тіліндегі нұсқасымен салыстыра талдайық. Марк Твеннің юморға толы әңгімесі «Мак Вильямстер мен шикылдақ». Қысқаша мазмұнына тоқтала кетсек.

Мак Вильямстер мырза мен әйелі Мак Вильямстың кішкентай қыздары Пенелопаның қарағай жаңқасын шайнауға әкесі қарсы болса, анасы қолдау білдіріп, оның еш зияны жоқ екенін айтады. Сол күні түнде Пенелопа тынбай жөтеліп, еріксіз дәрігер шақыртады. Дәрігер қыздың тамағына қарағай жаңқасы кептеліп қалғанын айтады. Әйелі күйеуінің айтқаны дұрыс келгеніне шамданады. Әңгімені оқи отырып, еріксіз күлкіге бөленесіз, әрі сюжетте, диалогтарда, қызықтырып ала кетеді. Түпнұсқа мәтінмен аударма мәтінді салыстырар болсақ, Ә. Сатыбалдиев әртүрлі прагматикалық мағыналарды беру мақсатында көбінесе еркін сөз тіркестерін фразеологизмдермен беріп отырады.

Мысалы:

– не сказала ни слова – тіс жарған жоқ.

– Быть под рукой – колқабыс ету.

– Не знаешь, очень споришь и что говоришь – не айтып, неге қызыл кеңірдек болып отырғаныңды өзін білмейсің.

Бұл тіркестердің қабылдаушыға прагматикалық әсері ерекше. Түпнұсқа мәтінмен аударма мәтінді салыстырар болсақ, Ә. Сатыбалдиев әртүрлі прагматикалық мағыналарды беру мақсатында көбінесе еркін сөз тіркестерін фразеологизмдермен беріп отырады. «Қай тілдің фразеологиялық единицасын алсақ та, олардың сол ұлтқа тән образдық ерекшелігі, тарихи қалыптасуы болатындықтан, келесі тілге соның өңін өзгертпей, ұлттық бояуын, эмоциялық-экспрессивтік сипатын сақтап жеткізу аудармашыдан үлкен біліктілікті қажет етеді» [3, 124-б.]. Яғни, фразеологиялық тіркестер мәтін мағынасының бейнелілік әсерін беретін поэтикалық құрал қызметін атқарады. Аудармашының шеберлік мектебіне көңіл аударып, аударма жасау

барысында қолданатын әдіс-тәсілдерімен жақын таныса отырып, аудармашылық өнердің сыры мен сипаты, мәні мен маңызы туралы мәселенің бірқатар сұрақтарына жауап тапқандай болды.

Ә. Сатыбалдиев М. Твеннің қай әңгімесін аударса да, стилін сақтай отырып жеңіл тілмен тәржімалауға тырысады. Әр кейіпкердің психологиясын, көңіл-күйін беруде де шеберлік танытады. Мәселен орыс тілінде:

«– Не своди меня с ума... Ну, ну, ну, мое сокровище, моя деточка, лекарство гадкое, горькое, но от него Нелли поправится... поправится мама моя деточка, сокровище, будет совсем здоровенькая... Вот, вот так, положи головку маме на грудь и усни и скоро, скоро...Боже мой, я чувствую, она не доживет до утра!» [4, 87-с.].

Қазақ тілінде: « – Есімді шығармашы. Қані бөпешім, алтыным менің кішкентай, келші дәрі ішейік! Дәрі деген жексұрын, ащы нәрсе, бірақ ем болады, Нелли – Жан жазылады оны іше. Мамасының бөпесі алтыны оңалып, ойнап кетеді әлі-ақ! Міне, осылай, сөйте ғой, жаным, маманың төсіне басыңды сүйе де, ұйықтап қал, қазір, қазір ...Құдайым-ай, ішім бір пәлені сезеді, осы қыз таңның атуына жете қоймайды-ау, сірә!» [2, 23-б.]. Баласы үшін шырылдаған ананың көңіл-күйінің бұзылып, қатты уайымдап отырған сәттерін автор нақышына келтіре суреттей білген. Ал, аудармашы көңіл-күй бейнелеу сипатын жете ұғынып, жеткізу дәлдігімен қатар, сөз баламасын тауып, сөйлемдерді шебер құрастырғанын анық байқаймыз.

Орыс тілінде: «– Все кончено, Мортимер! Все кончено! Ребенок вспотел! Что теперь делать?» [4, 85-с.].

Қазақ тілінде: « - Бітті, бәрі де Мортимер! Сорладық! ... – деді – ол. – Бала терлеп жатыр. Енді не істедік?» [2, 25-б.].

Бір қарағанда сөйлем аударуға өте қарапайым. Десек те, Ә.Сатыбалдиев орысша нұсқасындағыдай «Бәрі бітті, бәрі бітті!» деп екі рет қайталамай, оның орнына компрессия әдісімен «Сорладық» деген сөзді қойып, үрейлі бір ойды жеткізуде ұтымды жол тауып кеткен. Мәтін ырғағы, интонациясы да сақталған. Сондай-ақ, кейіпкер қимылын да байыпты суреттеуге тырысады.

«Когда я вернулся домой к обеду, она встретила меня белая, как полотно» [4, 87-с.].

«Моя жена вздрогнула, словно пораженная насмерть» [4, 88-с.].

Ә.Сатыбалдиев прозалық шығармалардың аудармасын қарастыру барысында алдымен түпнұсқа мен аударма мәтіннің көлемін салыстырады да, түпнұсқадағы жай, күрделі сөйлемдердің, кейіпкерлердің мінез-құлық, психологиялық сипаттарының, эпиграфтарының, мәтіннің ара-арасында кездесетін өлең жолдарының, көркемдік сапасының, сөздердің баламаларының, оқиғаларының, стилінің, ырғағынның берілуіне назар аударады. Түпнұсқаның синтаксистік құрылымын толық сақтамай-ақ, қажетті жерінде түпнұсқадағы бір сөйлемнен бірнеше сөйлем құрады. Яғни, аударып отырған мәтінін оқырманның қабылдау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкестендіру үшін, аударма теориясындағы түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, лексикалық-семантикалық трансформациялар:

- жіктеу (дифференциация) – бір сөзді бірнеше сөз арқылы көпқырлылығын көрсету.
- нақтылау (конкретизация) – аудару барысында сөздің толық және тура мағынасын беретін сөзді табу (анықтау).
- ұлғайту (генерализация) – қысқа мағыналы сөздердің мағынасын (жалпылау) ұлғайтып көрсету.
- мағыналық даму (смысловое развитие) – түпнұсқадағы немесе аударма тіліндегі сөзді немесе сөз тіркесін аударғанда бірліктерге айналдырады. Бұл трансформацияларды қолданса да, аудармашы автордың идеясынан ауытқымайды.

М. Твеннің келесі бір «Мой часы» әңгімесін Ә. Сатыбалдиев «Қайран сағатым» деп аударған. Аудармашы шығарма мазмұнының негізгі арқауын білдіретін тақырыптың атауына мән бере отырып, оны «Менің сағатым» деп тура аудармай, «Қайран сағатым» деп беруі сәтті шыққан. Аудармашының қойған тақырыбы мәтіннің мазмұнын ашып тұр. Әңгіменің қысқаша мазмұнына тоқтала кетейік.

Бір кісінің әдемі сағаты жарты жылдай тоқтаусыз жүрген. Бір күні оны бұрауды ұмытып кетіп, бұзып алады. Сағат жөндететін жерге апарып жөндетеді. Сол күннен бастап сағат уақыттан оза жүреді. Иесі сағатын алып, екінші жерге алып барып жөндетеді. Сол сәттен бастап сағат уақыттан кейін қарай жүреді, яғни қалып қояды. Үшінші жерге алып барса, сағаты бірде қалады,

бірде жүреді. Аударма да сағаттың дыбысын былайша беріледі. «Кашляли-түшкіреді», «чихали-шикылдайды», «лаяли-ырылдайды» деп суреттелінеді. Қатты қиналған сағат иесі ағасының «хороший конь хорош до тех пор, пока не закусил удила, а хорошие часы – пока не побывали в починке», «Жақсы ат ауыздығын алдырғанша, жақсы сағат-ұста көргенше» деп, фразалық тіркесті фразалық тіркес күйінде береді. Байқап отырғанымыздай бұл мақал әңгіменің негізгі түйіні болып есептеледі.

Жазушы бұл әңгімесінде қолдарынан ешнәрсе келмейтін олақ жұмысшыларды сынауды мақсат етіп алған. Аударма түпнұсқа мәтінінің құрылымын сақтай отырып, идеясын дәл берген. «Идея өз алдына бөлек, оқшау тұрған нәрсе емес, ол шығарманың өн бойындағы көркемдік шешімдерден өріліп шығады, солардан туындайтын қорытынды-түйін ретінде көрінеді» [5, 56-б.]. Демек, Ә.Сатыбалдиев мәтіндегі парафразаны түсіне отырып, автордың басты идеясын жеткізе білген. Тағы бір айта кететін жайт, осы аудармаларда кейбір орыс тіліндегі сөздер аударылмай сол қалпында беріліп кеткен. Бірақ, ол аудармашының кемшілігі емес. Себебі, процент, январь, телеграмма, кандидат, багаж т.б. сөздер сол кезде аударылмай қолданылатын болған. Қазіргі кезде тіл мәдениетінің дамуына орай орыс тіліндегі жоғарыдағыдай сөздер қазақ тіліне аударылып баламалы түрде орнығуда. Сол себепті М. Твен әңгімелері қайта аударылған сәтте олар ескеріледі деп сенеміз.

«Ақ пілдің ұрлануы» әңгімесін ағылшын тілінен орыс тіліне Н. Волжина аударды. Әңгіме сатиралық әжуаға арналып жазылған. Осы бір еңбекте негізгі көп суреттелетін ақ пілдің сыртқы бейнесі былайша берілген. Орысшасы:

« – Рост – девятнадцать футов; длина от темени до основания хвоста – двадцать шесть футов; длина хобота – шестнадцать футов; длина хвоста – шесть футов; общая длина, включая хобот и хвост, – сорок восемь футов; длина клыков – девять с половиной футов; уши – в соответствии с общими размерами; отпечаток ноги похож на след от бочонка, если его поставить стоймя в снег; цвет слона – грязно – белый; в каждом ухе – дырка для украшений размером с блюдце; слон обладает привычкой поливать зрителей водой, а также колотить хоботом не только знакомых, но и незнакомых; слегка прихрамывает на правую заднюю ногу; с левой стороны под мышкой у него не большой рубец – след зажившего нарыва; в момент похищения на спине у слона была башня с сидячими местами на пятнадцать персон и чепрак из золотой парчи величиной с ковер средних размеров» [4, 90-с.].

Ә. Сатыбалдиев аудармасына назар аударайық: « – Бойы - он тоғыз фут; маңдайынан құйрығының түбіне дейінгі ұзындығы – жиырма фут; тұмсығының ұзындығы. – он алты фут; құйрығының ұзындығы – алты фут; тұмсығы мен құйрығын қосып өлшегенде, жалпы ұзындығы – қырық сегіз фут, азуларының ұзындығы - тоғыз жарым фут; құлағы – жалпы сымбатына сай; аяғының ізі кішкене кеспекті қар үстіне тік қойғандағы таңбасындай; пілдің түсі – кір басқан ақ; әрбір құлағында тәрелкедей сырға тағуға арналған тесіктері бар; өзім тамашалаған көреремдерге су бүркіп жіберетін және танысын да, бейтаныстарын да тұмсығымен сабалайтын әдеті бар; оң жақтағы сол аяғын ептеп сылтып басады; сол жақ қолтығында шамалы тыртығы бар – іріндеп жарылған жараның орны; ұрлаған кезде пілдің үстінде он бес кісілік орындық орнатылған жан шатыры, орта мөлшерлі кілемдей оқалаған жабуы болатын.» [2, 92-б.].

Осы бір қызық, езуіңізді күлкі үйіретін алып пілдің сыртқы бейнесін сыйпаттауда аудармашы өте бір шеберлікпен берген. Яғни, аударманы адекватты аудармаға жатқызуға болады. Адекваттылық мәселесі бойынша қазіргі қазақ аударматануындағы пікірлерді назарға ала отырайық, «Адекватты аударма – түпнұсқамен сөзбе-сөз сәйкес келіп, барлық коммуникативтік құрылымдарының да сай келуі. Дәл аударма – семантикалық жағынан толық және түпнұсқа мазмұнын толық қамтыған аударма» [6, 54-б.], – деп, қазіргі аударматану ғылымын зерттеуші И. Дуанина адекватты аударма мен дәл аударманы түпнұсқа мен аударма мәтіндерінің сапасы мен сипат белгілерін көрсететінін айтады. Демек, адекватты аударма аударылып отырған тілдің мазмұнымен қатар, құрылымдық, стильдік, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне сәйкес неғұрлым дәл, эстетикалық және функционалдық жағынан түпнұсқаға бара-бар саналатын поэтикалық мәтін.

Қарастырып отырған әңгімеміз түпнұсқа мәтіндегі әрбір сөздің функционалдық, коммуникативтік, мазмұндық жағынан баламалары табылып, бір-біріне сәйкес қиыстырылғанын мысал арқылы берсек.

Орыс тілінде (Н. Волжина): « – А ему все равно, всяком они будут виде – в свежем или несвежем. За один присест он может съестъ пять человек среднего роста. Прекрасно! Пять человек – так и запишем. Какие национальности ему больше по вкусу? Любые, он не привередливый. Предпочитает знакомых, но не брезгует и посторонними людьми» [4, 146-с.]. Осы бір жолдарды Ә. Сатыбалдиев төмендегідей аударған:

– Оған бәрібір, мейлі - шикі, мейлі – піскен. Оның бір соққанда орта бойлы бес адамды жеуге шамасы келеді. Тамаша! Бес адам деп жазып қояйық. Әсіресе, қай ұлттың адамын сүйсініп жейтін еді? Бәрібір, ондай талғампаз емес – тіпті, таныстарын жегенді ұнатады, бірақ, бөтеннен де жирене бермейді» [2, 98-б.]. Аударма үзінділерінің орысша нұсқасындағы «свежий» сөзінің негізгі баламасы «жаңа, жас» деген мағынаны бергенімен, Ә. Сатыбалдиев оны «шикі» деп тәржімалап, антонимдік аударма жасайды. Дегенмен, «шикі» сөзін тікелей орыс тіліне аударғанда «сырой», «недоваренный», «невыделанный» деген мағынаны білдіреді. Ал, мына үзіндінің өзі де аудармасы да қызықты шыққан. Н. Волжина нұсқасы төмендегідей:

«– Наевшись библии, он перейдет к кирпичам; наевшись кирпичей, он перейдет к бутылкам; наевшись бутылок, перейдет к тряпкам; наевшись тряпок, перейдет к кошкам; наевшись кошек, перейдет к устрицам; наевшись устриц, перейдет к ветчине; наевшись ветчины, перейдет к сахару; наевшись сахару, перейдет к пирогам; наевшись пирогов, перейдет к картошке; наевшись картошки, перейдет к отрубям; наевшись отрубей, перейдет к сену; наевшись сена, перейдет к овсу; наевшись овса, перейдет к рису – рисом его выкармливали с детских лет» [4, 148-с.]. Ал, Ә. Сатыбалдиев аудармасымен салыстырайық:

«– Інжілге тойып алғаннан кейін кірпішті күтірлетеді, кірпішке тойып алған соң, шөлмектерді шайнайды; шөлмектерді соғып алып, шүберектерді жалмайды; шүберекке тойып алған соң, мысықтарды қылғиды; мысықтарды қылғып болған соң, бақаларды жұтады; бақаларға тойып алған соң, шошқаның сүр етіне көшеді; сүр етке тойған соң, қант кеміреді; қантқа тойғаннан кейін, бөлішке көшеді; бөлішке тойған соң, картопқа көшеді; картопқа тойған соң, кебекке көшеді; кебекке тойған соң, пішенге көшеді; Пішенге тойып алған соң, сұлыға көшеді; сұлыға тойған соң, күрішке көшеді – күріш оның бала жасынан үйренген тағамы» [2, 108-б.].

Орыс аударма нұсқасында сөз қайталау («повторение») орын алса, қазақ аударма нұсқасында контекске қарай бейнелілік сипат алып тұр. Себебі, орыс тіліндегі «наевшись» және «перейдет» деген сөздерді қазақшаға «тойып алған соң, күтірлетеді», «шайнайды», «соғып алып, жалмайды, қылғиды», «жұтады», одан соң, «күрішке көшеді» дегендей бір сөзді түрлендіріп, қазақтың қорындағы бай сөздерімізді қолданысқа енгізеді.

Әңгімені оқып отырып, әрбір сөйлемде, әрбір сөзде бір сатиралық юморды міндетті түрде кездестіреміз. Келесі аудармаларға назар аударайық.

«Старый тюфяк! Рыжего Мак – Фаддена давно вздернули, он уж полтора года как в раю. Это каждому ослу известно, только не сыщикам» [4, 166-с.]. Бұл сөйлем қазақ тіліне: «Оңбаған ескі шоқай! Жиренсары Мак – Фадден әлдеқашан мүрдем кеткен, оның ұжмақта жүргеніне бір жарым жыл болды. Мұны білмейтін есек жоқ, тек құлақтары керең, тұмсықтары топас барлаушылар ғана білмей қалыпты» [2, 107-б.].

Ә. Сатыбалдиев «құлақтары керең, тұмсықтары топас барлаушылар» деп кейіпкер ойын нақтылы беру үшін, сөз үстемелеп, сөйлемді түрлендіріп, ашулы адамның кейпін көз алдына елестетеді. Аталмыш аудармалар, түпнұсқа мен аударма мәтіннің сипатына қарай, балама аудармаға жатқызылады. М. Твеннен аударған шығармаларынан қысқаша мысалдар келтіре отырып, Ә. Сатыбалдиевтің аудармаға жауапкершілікпен қарап, көркем аударманың талаптарын мүлтіксіз орындайтындығына көз жеткіземіз.

Ә. Сатыбалдиев шығарма аударумен айналысып қана қоймай, көркем аударма теориясында бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген аударма қағидаларын қалыптастыруға да күш салады.

Тікелей аударма болсын, сатылы аударма болсын Ә. Сатыбалдиевтің интерпретациялық ұстанымы – түпнұсқаны барынша дәл жеткізу. «Аудармашының түпнұсқа шеңберінен шығып кетуге қақысы жоқ. Түпнұсқа мәтіні қандай аудармашыға болмасын бұлжымас заң. Ал, аударма үдерісінде кейбір еркіндіктер, мәселен, бір сөзді немесе бір ұғымды басқа сөзбен беру кейде түпнұсқа әрпінен аулақтау – бұлар ауытқу емес, сапалы аударма жасаудағы әдіс-амалдар болып табылады» [7, 214-б.], – дей отырып, Ә. Сатыбалдиев түпнұсқа мәтіннің коммуникативтік ақпаратын дәл жеткізеді.

Сонымен, аудармашы аудару барысында түпнұсқаның жазылған кезеңін, қабылдаушы оқырман деңгейін, екі елдің тілдік психологиялық, категорияларын ескере отырып, ең бастысы мағыналары бір-бірімен сәйкес келетін туынды жасаған.

Әдебиеттер:

1. Түсіпова Г. «XX ғасырда ағылшын тіліндегі әңгімелерді аударудың ұстанымдары мен тәжірибесі» (ф.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация). – Астана, 2004.
2. Сатыбалдиев Ә. Марк Твен. Алматы: – Жазушы, 1978, 297б.
3. Жақыпов Ж. Аударматануды аңдату. – Алматы: InnoPRESS, 2004.– 192 б.
4. Марк Твен. Собр. Сочин. 1896 – 1898. 10 т. Юмористические очерки и рассказы. 378 с.
5. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 383-б.
6. Дуанина И. Компаративистиканың өзекті мәселелері. // Халықаралық-ғылыми конференция. 2006, – 524 б.
7. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына . – Алматы: Жазушы, 1987. – 229 б.

Резюме

В статье обсуждается переводческое мастерство Сатыбалдиева А, который перевел на казахский язык юмористические рассказы Американского писателя М. Твена, сравнивая его с вариантом на русском языке. Переводчик сохраняя писательский стиль М.Твена, обращает внимание на сохранение интонации, ритма текста оригинала, попытался перевести легким языком настроение, психологию каждого героя.

Summary

In article Satybaldiyev A. translational skill is discussed who translated comic stories of the American writer M. Twain into Kazakh language, comparing it to option in Russian. The translator keeping M. Twain's literary style, pays attention to preservation of intonation, a rhythm of the text of the original, and tried to translate easy language mood, psychology of each hero.